- Жастар ісі жөніндегі инспекторы А. Бекбулатованың ұйымдастыруымен Студенттік Парламент, Жастар комитеті, Саналы ұрпақ мүшелері 25-қазан Республика күнін мерекелеудің іс-шаралар жоспары аясында "Қыран елім - Қазақстаным!" атты патриоттық мерекелік концерт өткізді.

- 25 қазан - Республика күнін мерекелеу қарсаңында Кентау көпсалалы колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушылары А.Жакипова мен Г.Қожақова "Атамекен" тақырыбында патриоттық диктант конкурсын ұйымдастырды.

- Кітапханашылары А.Ахметова мен Ұ.Атимтаеваның ұйымдастыруымен "Менің үйімдегі әдеби кітап" атты челленджді өтті.

- "Оқуға құштар колледж" іс-шарасының аясында Кентау көпсалалы колледж кітапханашылары Ұ.Атимтаева мен А.Ахметова "BOOKROSING" ұйымдастырды.

- 25 қазан - Республика күнін мерекелеу қарсаңында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында "Туған елімнің мен патриотымын!" тақырыбында патриоттық әндер байқауы өтті. Байқауға Кентау көпсалалы колледжінің жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатованың жетекшілігімен ГС-22у-1 оқу тобының студенті Арыпхан Қуаныш қатысып, жүлделі II орынға ие болды.

- 25 қазан - Республика күнін мерекелеу қарсаңында Кентау көпсалалы колледжінің Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Т.Абжалов "Мен елімнің қорғанымын" тақырыбында жас сарбаздар сабын ұйымдастырды.

- 25 қазан - Республика күнін мерекелеу қарсаңында Кентау көпсалалы колледжінің әлеуметтік педагогы Б.Ермекбаеваның ұйымдастыруымен "Ашық жүрек" акциясы өтті. Акцияға колледжіміздің қызметкерлері мен оқытушылары, ардагер ұстаздары, ата-аналары және студенттері өз үлестерін қосты. Акцияда жастар комитеті келген қонақтарға керемет концерт қойып, өз үлестерін білдірді, акциядан түскен қаражатқа жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттерге жылы киімдер, аяқ киімдер, қаржылай көмек көрсетілді.

- 25 қазан - Республика күнін мерекелеу қарсаңында Кентау көпсалалы колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Г.Қожақова "Менің арманымдағы Қазақстан" тақырыбында эссе байқауын ұйымдастырды.

- Республика күні қарсаңында Кентау көпсалалы колледжі жанынан құрылған «Мейірім» ерікті жастар клубының жетекшісі А.Тойшиева және белсенді ерікті жастар Ш.Нұрғалиұлы, М.Серікұлы, М.Нұрланқызы, Е.Шерікбайұлы алғыс хат пен естелік сыйлықтарға ие болды.

- Педагог-психологі Нурпейсова Марал Рзағалиқызы ПРМПИ-22-1 тобы І-курс білім алушыларымен Арт-тренинг өткізді.

- Колледж кітапханасы мен қалалық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен "Қазақстан туралы не білесіз" тақырыбында интеллектуалды сайыс өтті. Сайысқа ВТиП 22-1 оқу тобының студенттері қатысып, белсенділік танытқандары үшін Алғыс хаттармен марапатталды.

- Түркістан облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары мен қызметкерлері арасында өткізілетін 25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған спартакиадаға біздің оқытушыларымыз қатысуда.

- "Саналы ұрпақ" жобалық кеңсесінің жетекшісі А.Бекбулатованың ұйымдастыруымен ББМ-21у-1 оқу тобы "Сыбайлас жемқорлық індет - оны

жою міндет" тақырыбында адалдық сағаты, сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша бейнероликтер дайындау және түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады.

- Педагог ұйымдастырушысы А.Тойшиеваның ұйымдастыруымен бүгінгі студент, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері шағын шаһардағы С.Бәйтерек атындағы саз мектебіне саяхат жасады.

- «Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» бойынша Кентау ҚПБ бірлескен ұлдар арасында түсіндірме жұмыстары, колледжге әкелуге тыйым салынған заттарды тексеру және киім үлгісін сақтау бойынша рейдтік іс-шарасы өтілді. ҚПБ ЖПҚ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға инспекторы полиция майоры Ахметов Жанболат Саруарұлы білім алушыларға қалада жасөспірімдердің арасындағы орын алған құқықбұзушылықтар бойынша айтып өтті.

- Педагог- психологі Нурпейсова Марал Рзағалиевна топ жетекшілер және пән оқытушылар мен Аутодеструктивті мініз-құлықтың алдын-алу бойынша "Өмір, өмірдің мәні" атты семинар-тренинг өткізді

- Жастар ісі жөніндегі инспекторы Бекбулатова Асылай Бердіханқызының ұйымдастыруымен саналы ұрпақ және дебат клубының мүшелері арасында "Сыбайлас жемқорлық - ғасыр дерті" тақырыбында пікірсайыс өтті.

- Студенттік парламент пен Жалынды жастар студиясының ұйымдастыруымен "Ел іші - өнер кеніші" бағдарламасы жүргізілді. Бағдарламаға республикалық байқаулардың лауреаты, колледжіміздің мақтанышы, колледж студенті Арыпхан Қуаныш Балтабайұлы шақырылып, сұхбат берді.

- Колледжіміздің математика пәні мұғалімі Байменова Райхан Ержанқызы СЭЗиС-22-1 оқу тобымен Математикалық кеш өткізді.

- Колледжінің психологі- [Марал Нурпейсова](#) "Жыл психологі" облыстық байқауында жүлделі ІІІ орынды иеленді.

- Колледж жатақханасында жатақхана тәрбиешілері Г.Шекербекова, А.Абдумауленованың ұйымдастыру мен "Күзгі бал-2022" атты мерелік кеш өткізілді.

- Студенттер күніне орай, Кентау колледждері арасында "Интеллектуалды ойындар" байқауында СЭЗиС-22-1 оқу тобының топ жетекшісі Байменова Райхан Ержанқызы жетекшілік еткен "КМК" тобы І-ші орынға ие болып, кубок пен ақшалай сыйлыққа ие болды.

- Қараша айында «ОТБАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӨКЕНІҢ РОЛІ» атты әкелермен кездесу өтті. Кездесуге І-4 курс білім алушыларының әкелері қатысты.

- Кентау қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен "17 қараша - Халықаралық студенттер" күніне орай колледждер арасында "Екі жұлдыз" байқауы өткізілді. Байқауға жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатованың жетекшілігімен колледжімізден екі жұп қатысып, Бертай Артықбай мен Шәріпбекова Інжу жүлделі ІІ орынға ие болса, Арыпхан Қуаныш пен Қойшыбай Ақниет "Ең әдемі үйлесімді жұп" номинациясына ие болды.

- Студент жастары арасында Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай "Теңдік уақыты!" және "АИТВ-инфекциясының алдын алу" тақырыбында іс-шара өтті.

- «17 қараша - Халықаралық студенттер күні» атап өтті. Мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы мен қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүрген жастарды колледж директоры Г.Шаймерденова алғыс хаттармен марапаттады. Бірінші курс студенттеріне сынақ кітапшалары табысталды.

- «17 қараша - Халықаралық студенттер күні» мерекесіне орай Жастар ісі жөніндегі инспекторы Асылай Бердіханқызының ұйымдастыруымен Студенттік парламенттің мерекелік кеші өтті.

- Кентау қаласы Қазақ-неміс политехникалық колледжінің 10 жылдығына арналған әскери-спорттың сайысына Кентау көпсалалы колледжінің "Жас сарбаз" мүшелері қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жүлделеріңіз құтты болсын!!!

1. АТ-21-2 оқу тобынан Гайбуллаев Амал 2- орын;

2. ДТ-22-1 оқу тобынан Кузнецова Виктория 3-орын;

3. ЭМО-21-1 оқу тобынан Мадиханов Дилзат;

4. ДТ-21-1 оқу тобынан Шамильұлы Ерасыл;

5. ДТ-22-1 оқу тобынан Кеңесбек Ерман;

- Колледжіміздің педагог-психологі Нурпейсова Марал Рзагалиевна ГС-21-1 тобының қыздарымен «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында қызбаласына арналған кеңестер беріп, әңгіме жұмыстарын жүргізді.

- Жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатованың ұйымдастыруымен, "Ұшқыр ой" дебат клубының жетекшісі Еркін Исламбектің төрелік етуімен 1-2 курс білім алушылары арасында "Нашақорлық қоғам дерті" тақырыбында дебат пікірсайысы өтті.

- Педагог-психологі М.Нурпейсова және тәжірибе жетекшісі Т.Аманбаеваның жетекшілігімен ГС-21-1 оқу тобы тарихи жер Арыстан баб, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне, Қ.А.Яссауи кесенесіне экскурсия жасады.

- Халықаралық еріктілер күніне орай Кентау көпсалалы колледжінің жанынан құрылған «Мейірім» еріктілер клубы бүгін Арнаулы кәсіптік колледжі ұжымы мен студенттеріне арнайы концерттік бағдарлама ұйымдастырды

- Кентау көпсалалы колледжінде «Достық клубы» жетекшісі Б.Ш.Ермекбаеваның ұйымдастыруымен «Ел достығы – ұлт достығы» тақырыбында мәдени іс-шарасы өтілді

- СЭЗиС-22-2 оқу тобының топ жетекшісі А.Абдимауленованың ұйымдастыруымен ""Ұлы даланың жеті қыры" тақырыбында тобымен тәрбие сағатын өтті.

- Педагог-психологі М.Р.Нурпейсова және колледжіміздің суретші-безендірушісі Б.Қ.Абдикулованың жетекшілігімен ЭС-21-1 тобына Арт-терапия әдісін қолданып тренинг өткізді. педагог-психологі М.Р.Нурпейсова және колледжіміздің суретші-безендірушісі Б.Қ.Абдикулованың жетекшілігімен ЭС-21-1 тобына Арт-терапия әдісін қолданып тренинг өткізді.

- 9-желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай Кентау көпсалалы колледжінің жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатованың ұйымдастыруымен жастардың логикалық және сыни ойлауын, коммуникативті мәдениетті және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында «Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті» тақырыбындағы топтар арасында дебат ойыны өтті.

- Педагог-психологі М.Р.Нурпейсова және колледжіміздің суретші-безендірушісі Б.Қ.Абдикулованың жетекшілігімен ВТиС-22-1, ББМ-21у-1 оқу топтарына Арт-терапия әдісін қолданып "Тәуелсіздік-тұғырым" атты тақырыбында арт-тренинг өткізді.

- Жатақхана тәрбиешісі Г.Шекербекова білім алушыларға адам денсаулығының қымбаттылығын, салауатты өмір салтын сақтау, өзін-өзі күте білу, дұрыс тамақтану, тағамның маңызы, құрамы және қызметі туралы түсінік қалыптастыру мақсатында «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» атты тәрбие сағатын өтті.

- Кентау көпсалалы колледжінің жатақхана тәрбиешісі А.Н.Абдимауленова жатақхана жастарымен "Зиянды заттардан аулақ болу жолдары" тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

- 16 - желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, А.Ахметова мен Ұ.Атымтаеваның ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік - қасиетім, қастерлім" тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

- Кентау қалалық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен "Болашаққа кітаппен" атты жылдық үздік оқырманы байқауына А.Ахметова мен Ұ.Атымтаеваның жетекшілігімен ВТиП-22-1 оқу тобының студенттері Момынова Әсел және Жақсылық Арайлым қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

- 16-желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатова мен А.Ахметованың ұйымдастыруымен ВТиС-22-1 және ТМ-22-1 оқу тобымен "Тәуелсіздік тірегім" тақырыбында мерекелік тәрбие сағатын өткізді.

- ЭС-21-1 оқу тобының топ жетекшісі Кожакова Гүлмира Сейсенбайқызының ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік- елімнің ерлік жолы" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

- Педагог – ұйымдастырушы Айгул Есенбекқызының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдық мерекесіне арналған «Тәуелсіздік – елдігімнің ерлігі!» атты салтанатты жиын болып өтті.

- Жатақхана меңгерушісі Ұ.Шілдебаева, тәрбиешілер Г.Шекербекова, А.Абдимауленовалардың ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік тұғыры-Желтоқсан" атты тарихи-танымдық кеш өткізілді. Кешке «желтоқсан 86 ұйымы» мүшелері қонаққа шақырылды.

- Жастар комитетінің ұйымдастыруымен "Жас толқын -2022" байқауы өтті. Байқауда студенттер түрлі жанрда өз өнерлерін көрсетті. Өнерлі жастар Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

- Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Төрлет жаңа жыл – 2023 » атты білім алушыларға арналған мерекелік іс-шара өтті. Колледж директоры Гүлжан Алиқызы барша ұстаздар мен білім алушыларды келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Кеш студенттік парламент пен жастар

комитетінің дайындаған мерекелік концертті және қызықты ойындармен ұласты.

- "Саналы ұрпақ" жобалық кеңсесінің жетекшісі А.Бекбулатова студенттер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің бар жоғы және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сауалнама алды.

- Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 111 жыл толуына орай, колледжінің жатақханасында орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Кемеңгердің ізі қалған өлкеде...» атты танымдық кеш өтті.

- Д.А.Қонаевтың туған күніне орай ТМ-22-1 және ВТиС -22-1 тобының білім алушыларымен колледж кітапханасында Ұ.Атимтаева мен А.Ахметованың ұйымдастырумен "Елін танытқан ер" атты тәрбие сағаты өтті.

- Жатақхана тәрбиешісі Г.Шекербекова және білім алушылар орталық кітапханада "Ұстаздардың ұстазы" көптеген мақалалары баспасөз басылымдарында басылып жүрген, ғылыми мақалалардың авторы, қаламыздың "Құрметті азаматы" Өмірбек Сейдалыұлы Жүсіпов атамен "Рухани жаңғыру" орталығында "Ата мектебі" жобасының аясында кездесу өтті.


- Ауа – райының қолайсыздануына байланысты колледждің "Мейірім" ерікті жастары көшеге қар тазалау жұмыстарына шықты.

- Кентау қалалық орталық кітапханасында "Даналығы даңғыл би" тақырыбында Төле бидің 360 жылдығына орай кездесу болып өтті. Кездесуде Кентау көпсалалы колледжінің ТМ-22-1 тобының білімалушысы О. Абдиманапов "Төле бидің өмір жолы" тақырыбында баяндама оқыды.

«Таза сессия акциясы»

👉Кентау көпсалалы колледжі, "Саналы ұрпақ" жобалық кеңсесінің жетекшісі А.Бекбулатова студенттер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің бар жоғы және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сауалнама алды.

[#саналыұрпақ](#)



Мемлекеттік рәміздер - халқымыздың рухын, ұлттық салт- санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман- тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. 4 маусым Қазақстан Республикасының мемлекеттік

рәміздері күні не орай тәрбиеші Г.Шекербекованың ұйымдастыруымен " Ел рәміздері - ел рухы" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мемлекеттік рәміздер - елдің ұлттық болмысын, дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытатын белгі.

4 - маусым Мемлекттік рәміздер күніне орай Кентау көпсалалы колледжінің кітапханасында Ұ. Атимтаева мен А.Ахметованың ұйымдастыруымен "Мемлекттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз" атты топ сағатын ұйымдастырды.



Кентау қалалық орталық кітапханасында өткен «Жастар,компьютер және интернет» атты дебатқа Ұ.Атимтаева мен А.Ахметованың жетекшілігімен Кентау көпсалалы колледжі дебат клубының мүшелері Әділбекова Хадиша, Еркін Исламбек қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

[#дебат](#)

[#кітапхана](#)



2023 жыл 31- мамыр күні, С.Қожанов саябағында 31-мамыр саяси -қуғын сүргін құрбандарын еске алуға арналған және гүл шоқтарын қою іс-шарасына Кентау көпсалалы колледжінің оқытушылары А.Бекбулатова мен А.Ахметова жастар комитетінің белсенді жастарымен қатысып, гүл шоқтарын қойды.

[#студенттікпарламент](#)

[#жастаркомитеті](#)



Кентау көпсалалы колледжі, студенттік парламент, жастар комитеті, "Саналы ұрпақ" клубының мүшелері 4-маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен құттықтап, осы челленджді Кентау гуманитарлық-техникалық колледжіне жолдайды.

[#студенттікпарламент](#)

[#жастаркомитеті](#)

[#саналыұрпақ](#)



29.05.2023ж. Кентау қаласы ішкі саясат бөлімі "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің және қала белсенділерінің ұйымдастыруымен, ауыл жастарын өнерге баулу, жастардың достық қарым-қатынасын арттыру және жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында өткен "Сен талантсың!" шығармашылық байқауына Кентау көпсалалы колледжінің жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатованың жетекшілігімен ВТиС-22-1 оқу тобының студенті, жастар комитетінің мүшесі Абсадық Сүлеймен қатысып, қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өнерлі жастарымыздың өнері өрге жүзсін!

[#студенттікпарламент](#)

[#жастаркомитеті](#)



Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2023 жылдың 26 мамырында ұйымдастыруымен қалалық “Шәкәрім оқулары” мәнерлеп оқу байқауына Кентау көпсалалы колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Кожакова Гүлмира Сейсенбайқызының жетекшілік етуімен ГС-21-1 тобының білім алушысы Абай Әсел қатысып, Бас жүлдеге ие болды.



«Мамандығым - мақтанышым» іс – шарасы өтілді
Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «Қандай мамандықты таңдаймын» немесе «Таңдаған мамандығым қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі, осы бағыт-бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапсаң, дүниеге пайдасы бар екені мәлім. Кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің. Осы тұрғыда Кентау көпсалалы колледжі мектеп түлектеріне арнап «Мамандығым - мақтанышым» іс – шарасын Кентау қаласының «Ынтымақ алаңында» қала көлемінде өткізді. Аталған іс – шараның мақсаты: оқушыларға мамандық ұғымы, мамандық

түрлері туралы ой – өрістерін кеңейту, мамандықтың адам өміріндегі маңызы, мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етілетіндігі, колледжде оқытылып жатқан мамандықтар бойынша мағлұмат беру және түсініктерін қалыптастыру болып табылады.

Іс – шара барысында әр мамандық бойынша көрме ұйымдастырылып, әр топ өздерінің оқып жатқан мандықтарын таныстырды және колледж студенттері өз өнерлерін көрсетті.



Республикалық ақпараттық - түсіндіру тобы "Дін және қоғам" тақырыбында жастармен кездесу өткізілді. Кездесу барысында "Нұр - Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университетінің философия ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі - Рыскиева Айымжан Абуқызы, аталған университеттің "Исламтанушы журналисті" - Кеңесбаева Айша Аманқызы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу соңында жастар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, мамандар тарапынан тұшымды жауаптар алды.




"Денсаулығыңды таңда, қателеспейсің" тақырыбында Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық ЖИТС -тің алдын алу және онымен күресу орталығымен" бірлесе колледж білім алушыларымен кездесу

өтті. "Денсаулығыңды таңда, кателеспейсің" тақырыбында Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық ЖИТС -тің алдын алу және онымен күресу орталығымен" бірлесе колледж білім алушыларымен кездесу өтті.



"Білімді ұлт - сапалы білім беру" ұлттық жобасы негізінде Кентау көпсалалы колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.А.Басаров және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Е.Тоева, Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Ауелбеков Адил Арысбаевичпен келісіп, екі жақты меморандумға қол қойды.

Меморандум мақсаты: техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімі бар кадрлар даярлау саласын дамыту үшін, аудан мекетептерінде мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу.



Кентау көпсалалы колледж директоры Шаймерденова Гульжан Алиқызы, колледж әкімшілігі және педагог қызметкерлермен жиналыс өткізді. Жиналыста "Таза сессия" акциясын жүргізуді және 2023-2024 оқу жылына түлектерді қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау қажеттігін ескертіп, жауапты қызметкерлерге тапсырма берді.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарысы іс-қимыл туралы заңнамамен таныстырып, түсіндірме жұмысын жүргізді.



Кентау көпсалалы колледжінің студенттері мен педагог -ұйымдастырушы Айгүл Тойшиева Кентау қалалық орталық кітапханаға танымдық экскурсия жасады. Экскурсия барысында студент-жастар Рухани жаңғыру орталығындағы өлкетану бағытындағы әдебиеттермен, қаламыздың көркеюі жолында аянбай еңбек еткен тұлғалармен танысты. Сонымен бірге конференция залында жасақталған "Сыбайластықты болдырмау- басты міндетіміз" атты кітап көрмесін, білім орталығындағы кітапханаға жаңадан келіп түскен кітап,газет-журналдармен танысты.



Кентау көпсалалы колледжінің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тоева Айнур Есенгельдиевна және Кентау қаласы ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Назан Серік Төлжанұлы колледж білім алушыларын қалалық полиция бөлімі қызметкерлерінің жұмыс барысымен таныстырып қайтты.



7 мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай іс-шара болып өтті.



9 мамыр жеңіс күніне орай колледждің «Мейірім» ерікті жастары Азалы ана монументі ескерткіш маңына тазалық жұмыстарын жүргізді.




Ұлы Жеңіс күніне орай, Кентау көпсалалы колледжінде А.Бекбулатованың жетекшілігімен студенттік парламент, жастар комитеті және "Саналы ұрпақ" клубының жастары "Ұрпақ ұран болған - Ұлы Жеңіс" тақырыбында колледж ардагерлерін мерекелерімен құттықтап, құттықтау бейнеайналымын жолдады. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

[#студенттікпарламент](#)

[#жастаркомитеті](#)

[#саналыұрпақ](#)



1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні.

ВТиП-21-1 оқу тобының топ жетекшісі Жаманкулова М.Е. білім алушылармен “Бейбітшілік - ел тілегі” тақырыбында топ сағатын өткізді.

Мақсаты: білім алушыларды достық пен ынтымақтастықта өмір сүруге тәрбиелеу және бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау.



1-МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ


✨Кентау көпсалалы колледжі, А.Бекбулатова мен А.Ахметованың ұйымдастыруымен 1- мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай, жастар комитеті, саналы ұрпақ жастарының дайындаған бейнеайналымы.

✨Мереке құтты болсын!

[#жастаркомитеті](#)

[#студенттікпарламент](#)

[#саналыұрпақ](#)



29-СӘУІР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИ КҮНІ

👉Бүгін, Кентау көпсалалы колледжінде А.Бекбулатованың ұйымдастыруымен жастар комитетінің жастары 29 - сәуір Халықаралық би күніне орай флешмоб ұйымдастырды.

[#жастаркомитеті](#)



Колледж бойынша оқу-дала жиыны өтті.



20 МИНУТТЫҚ КІТАП ОҚУ

📖 Кентау көпсалалы колледжінің А.Бекбулатованың ұйымдастыруымен «Оуға құштар колледж» жобасы аясында ББМ-21у-1 оқу тобымен 20 минуттық іс-шарасы ұйымдастырылды.

[#оқуғақұштарколледж](#)

[#кітапхана](#)



КЕНТАУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ "ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНА" ЭКСКУРСИЯ ЖАСАДЫ

🌱 Кентау Көпсалалы Колледжінің педогог- ұйымдастырушысы А. Тойшиева ханым колледж студенттерімен " Жастар ресурстық орталығына" экскурсия жүргізді.

🌱 "Жастар ресурстық орталығының" басшысы С. Бақытұлы бастаған мамандар студенттерге "Садақ ату" үйірмесінің ережесімен және орталықтағы басқа да үйірмелермен таныстырды. Мемлекеттік бағдарламалар жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

🌱 Экскурсия соңында студенттер тоғызқұмалақ, шахмат, дженга, мафия т.б ойын түрлерімен ойнады.



24-сәуір Жастар ынтымақтастығының халықаралық күніне орай, студенттік парламент, жастар комитеті және "Саналы ұрпақ" клубының жастары мерекелік іс-шара өткізді. Мерекелік кеште колледж директоры Шаймерденова Гүлжан Алиқызы барша жастарды мерекелерімен құттықтады.

[#жастаркомитеті](#)

[#студенттікпарламент](#)

[#саналыұрпақ](#)



Кентау қаласы әкімінің орынбасары А.Байболованың 03.03.2023 жылы өткізілген І тоқсан комиссия отырысының хаттамалық тапсырмасына сәйкес, Кентау қаласы бойынша жасөспірімдерге, дүкендерде электронды шылым және дәріханалардағы трамбодол секілді қауіпті заттарды ұсынбау жөнінде колледжге Жастар ресурстық орталығының басшысы С.Азат бастаған мобильдік топ рейд жұмыстарын жүргізді.



19 сәуір күні бөлім меңгерушісі Д.Анарбаева, арнайы пән оқытушысы А.Султанбаев, дене тәрбиесі пәні оқытушысы А.Исаев, педагог-ұйымдастырушы А.Тойшиева №4 Ата Түрік атындағы мектеп-лицейіне "Мамандық таңдау - маңызды қадам" тақырыбында кездесуге қатысып, мектеп оқушыларына мамандық таңдауда насихаттау жұмыстарын жүргізді.

20 сәуір күні №1 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназисының 9 сынып оқушылары колледж базасымен танысуға келді.

20 сәуір күні арнайы пән оқытушылары Д.Алипбаев, Н.Пернебек және жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатова Құсшыата, Оранғай ауылы

мектептеріне кәсіби бағдар бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп қайтты.



Кентау көпсалалы колледж кітапханасында А.Бекбулатова мен А.Ахметова, У.Атимтаеваның ұйымдастыруымен Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай "Шәкәрім - ұлы тұлға" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.



«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында дебат өтілді.



2023 жылы 14 сәуір күні Кентау көпсалалы колледжінде "Әке тәрбиесінің отбасындағы ролі" атты әкелермен кездесу өткізілді. Іс-шараны директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тоева Айнұр Есенгелдіқызы ашып, әкелер кеңесінің жұмысын кеңінен насихаттау арқылы олардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруды қажет екенін айтып өтті. Іс-шара барысында әкелер қызықты сұрақтарға жауап беріп, ситуациялық жағдайдан шыға білді. Кентау қаласы ардагерлер ұйымының төрағасы М.Тунтеков әкенің бала өміріндегі алатын орны мен жауапкершілігі туралы ақыл кеңесін айтып, өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Колледж психологы М.Нурпейсова бүгінгі ұлдарымыз қандай болуы тиіс, ұлдарымыз өздерін қалай ұстайды, ұлдар арасында кездесетін сұрақтар бойынша әкелерге кеңес берді. Кентау қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары майор Алиякбаров Хаджиакбар Усенович және қорғаныс бөлімінің бас қызметкері Накипов Танат Раманкулович әкелерге ұлдардың әскерге шақырылуы, әскери оқу орындары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кентау ҚПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты, колледжге бекітілген учаскелік инспекторы Т.Инкарбеков жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруін алдын алу жұмыстарын нығайту, жасөспірімдердің түнгі уақытта жүріп, тұруы бойынша заңдарды, баптарды түсіндіріп өтті. Бөлім меңгерушісі Д.Анарбаева білім алушылардың оқу үлгерімі, сабақтан себепсіз қалмау керектігін және колледждің ішкі тәртіп ережесін айтып өтті.

Шара соңында кездесуге келген қонақтар "Әкелер кеңесінің" жұмысын жандандыру керек екенін айтып, алғыстарын білдірді.



Кентау көпсалалы колледж кітапхансында "Оқуға құштар колледж" жобасы аясында ТМ-22-1 оқу тобымен 20 минуттық кітап оқу.



АТА - АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС

Кентау көпсалалы колледжінде «СЕНІМЕН БОЛАШАҚ» Республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдері мен ата-аналар арасында семинар-тренинг болып өтті. Арнайы бейнеролик көрсетіліп, ата-аналардың балаларымен қарым-қатынасты күшейту, немен айналысып жүргенін жіті қадағалауда ұстау секілді жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Кентау көпсалалы колледжінде Қалалық [Кентау Ішкі Саясат Бөлімі](#) мен бірлесе, студенттер арасында, "Кереғар діни ағымдарды" алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді



ГС-22-1, ГС-22-2 оқу топтары топ жетекшілерімен бірге Арыстанбаб, А.Яссауи кесенесіне экскурсия жасап қайтты.



Салауатты өмір - кемел жолдың бастауы

Кентау көпсалалы колледжінде 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай, Жастар ісі жөніндегі инспекторы А.Бекбулатованың ұйымдастыруымен студенттер арасында «Салауатты өмір – кемел жолдың бастауы» тақырыбында дебат өтті.

Мақсаты: Жастарды есірткі, темекі, алкогольді тұтынбауға, салауатты өмір сүріп, тазалық сақтауға бағытталған.



Колледждің педагог-психологы М.Р.Нурпейсованың ұйымдастыруымен «Кентау көпсалалы колледжінде» «Жастардың діни сауаттылығын арттыруда психологиялық және теологиялық қолдау көрсету» тақырыбында жалпы қыздар жиналысы болып өтті. Кездесуге Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының "Білім беруді дамыту орталығы" КММ-нің психологиялық жұмыстар жөніндегі әдіскері, психолог Тлеубердиева Газиза және Түркістан облысының дін істері басқармасы "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің дінтанушы маманы Жолдаскызы Аружан келіп қыздармен еркін сұхбат жүргізді.


Мақсаты: салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты теологиялық және психологиялық тұрғыдан дұрыс жеткізу, жастар санасында жүрген хиджаб мәселесі бойынша бағыт-бағдар беру.



Колледждің ерікті жастары көше тазалайтын кіші қызметкерлерге нан таратты.



Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен "Жарқын жастармен - жарқын болашаққа" атты облыстық пікірсайыс турниріне Кентау көпсалалы колледжінен "Ұшқыр ой" фракциясы қатысты.



Кентау көпсалалы колледжінің оқытушысы Г.Ж.Меңдібаева ЖШС " Өрлеу-РК" оқу орталығының буллингтің алдын алу бойынша « Буллинг - себептері, формалары, алдын-алу» тақырыбында біліктілігін арттыру курсынан өтіп сертификат алды және осы орайда өзі жетекшілік ететін ГС-22-1 тобына 31 наурыз күні «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

Тәрбие жұмысының мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;

Топ ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.



Кентау қалалық емханасының «Әлеуметтік-психологиялық көмек және профилактика» бөлімінің психолог мамандарының ұйымдастыруымен ерте жүктіліктің алдын-алу, отбасын дұрыс жоспарлау, зорлық-зомбылықтың алдын-алу, аутодеструктивті мнез-құлықты жастарды анықтау, өз-өзіне қол жұмсау факторларының, АҚТҚ-ЖҚТБ, туберкулездің алдын-алу мақсатында «Өмірге деген дұрыс мақсат қою және ниет ету» атты тақырыпта семинар тренинг өткізілді.



Кентау көпсалалы колледжі 2023-2024 жж талапкелерді шақыру мақсатында Қос-Қорған атындағы жалпы орта мектебі, Ө. Жәнібеков атындағы жалпы орта мектебі және Васит Вахидов атындағы жалпы орта мектебінде оқытушылар Батыршаева З, Беркинбаев О, Куандыкова А. мектептерде мамандықтарды үгіт-насихат жүргізу жұмыстарын жүргізді.



Кентау көпсалалы колледжі 2023-2024 жж талапкелерді шақыру мақсатында

Бабайқорған атындағы жалпы орта мектебі және А. Югнаки атындағы жалпы орта мектебінде оқытушылар Сейділдә Г. Кадирбаева Г. Құдайберген А. мектептерде мамандықтарды үгіт-насихат жүргізу жұмыстарын жүргізді.



Кентау қалалық Жастар ресурстық орталығы және Кентау көпсалалы колледжімен бірлесе, студент жастарды Түркістан облыстық жастар ресурстық орталығының жұмыс барысымен танысты.

🌱 Студенттердің орталық жұмысымен танысудың басты мақсаты, өңірдегі түрлі аудан, ауылдардан келіп оқып жүрген болашақ ұстаздарды яғни студенттер жастар үшін жасалынып жатқан оң қадамдармен таныстыру болып табылады. Орталықтың басшы орынбасары Азамат Имашев жастарға бағыт бағдар беру мақсатында жиналыс өткізіп, өз ойларымен бөлісті. Әр бөлім басшылары өз бөлімдерінің міндеттері мен қызметтерін жіті түсіндіріп атап берді. Сонымен қатар Фараб әмбебап кітапханасына барып, кітапхана ішіне экскурсия жасады.

<https://www.facebook.com/100014212666534/videos/871896700539660/>

Наурыз мерекесі қарсаңында колледждің ерікті жастары зейнеткер ұсазымыз М.Жұмабаевтың үйіне барып қолқабыс жасады.

<https://www.facebook.com/100014212666534/videos/1295990387994639/>



Кентау көпсалалы колледж кітапханасында А.Ахметова мен Ұ.Атимтаеваның ұйымдастыруымен студенттер арасында "Күлтегін" зияткерлік сайысы өтті.



Кентау көпсалалы колледжі "Ұлыстың ұлы күні- Наурыз" мейрамын жоғары деңгейде атап өтті. Әр топты ауылдарға бөліп, салт-дәстүрімізді дәріптеп, қазақтың ұлттық тағамдары мен спорттық ойындармен атап өттік.

🌸Кентау көпсалалы колледжі сіздерді Наурыз мейрамымен құттықтайды! Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт - береке, бақыт пен молшылық әкелсін!

Ұлыс оң болсын, ақ бол болсын!

<https://fb.watch/l1n0jRKJvV/>



17.03.2023ж Колледжімізде педагог-психолог Нурпейсова Марал Рзагалиевнаның ұйымдастыруымен Ұлыстың ұлы күні Өз-Наурыз мерекесіне орай «Ежелден ел тілегі- ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» атты кездесу ұйымдастырды. Кездесуге келген қонақтар: 1. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері – боксшы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әлем кубогінің күміс жүлдегері, көптеген халықаралық турнирлердің жеңімпазы - Қанатбек Шағатаев;

2. «Балаби-қари» мешітінің имамы - Төлен Жомарт Бейсенбайұлы;

3. ҚПБ жергілікті полиция капитаны, учаскелік инспекторы – Бектібаев Алмас Нұрмаханұлы;

4. Кентау қалалық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы»


КММ-нің психолог маманы - Ұлжан Өмірзаққызы. Мақсаты:

Білім алушыларды ата-аналарын құрметтеуге, үлкенге құрмет кішіге ізеттілік көрсетіп сыйлауға тәрбиелеу;

Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт дәстүрі арқылы білім алушылардың бойында асыл қасиеттерін қалыптастыра отырып отан сүйгіштікке тәрбиелеу;

Тәртіп ережелерін дұрыс түсінуіне жағымсыз жағдайлардан алшақ болуына, бос уақытын тиімді пайдаланып, өз-өзіне баға беруіне тәрбиелеу.

<https://fb.watch/l1na8CiD7f/>



Кентау көпсалалы колледжі [Kentau Kalasy Jetinshy Kolledj](#) "Жұмыс күніндегі ұлттық киім" апталық челленджін қабылдап, [Кентау Медициналық Колледжі](#) ұжымындағы әріптестерге жолдайды. <https://fb.watch/l1nidkGBJG/>

15 наурыз күні Қарнақ елді мекенінің мектептеріне директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тоева Айнұр Есенгелдіқызы, әлеуметтік – педагог Ермекбаева Балхия Шойынбекқызы, арнайы пән оқытушысы Нұрмұхаммед Пернебек 9 сыныптардың арасында “Мамандық-өмір таңдауы” атты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.



[8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай қыздар қауымын құттықтап, мерекелік концерт өтілді.](#)

